

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ

АНЫҚТАМАЛЫҚ ЖОЛСІЛТЕМЕ



РЕЗИДЕНТУРА БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

- 7R01101 «Кардиология (ересектер, балалар)»
- 7R01104 «Гастроэнтерология (ересектер, балалар)»
- 7R01106 «Балалар онкологиясы және гематологиясы»
- 7R01107 «Пульмонология (ересектер, балалар)»
- 7R01108 «Эндокринология (ересектер, балалар)»
- 7R01109 «Нефрология (ересектер, балалар)»
- 7R01111 «Инфекциялық аурулар (ересектер, балалар)»
- 7R01114 «Радиология»
- 7R01115 «Радиациялық онкология»
- 7R01117 «Анестезиология және реаниматология (ересектер, балалар)»
- 7R01120 «Нейрохирургия (ересектер, балалар)»
- 7R01123 «Балалар хирургиясы»
- 7R01124 «Ересектер онкологиясы»
- 7R01125 «Травматология-ортопедия (ересектер, балалар)»
- 7R01128 «Оториноларингология (ересектер, балалар)»
- 7R01130 «Педиатрия»
- 7R01131 «Неонатология»
- 7R01132 «Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)»
- 7R01136 «Жалпы хирургия»
- 7R01137 «Неврология (ересектер, балалар)»
- 7R01138 «Отбасы медицинасы»
- 7R01139 «Терапия»
- 7R01102 «Ревматология (ересектер, балалар)»
- 7R01103 «Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)»
- 7R01105 «Гематология (ересектер)»
- 7R01113 «Психиатрия (ересектер, балалар)»
- 7R01126 «Урология және андрология (ересектер, балалар)»
- 7R01140 «Физическая медицина және оңалту (ересектер, балалар)»
- 7R01142 «Клиникалық фармакология»
- 7R01134 «Сот-медициналық сараптама»
- 7R01150 «Патологиялық анатомия»

ОҚМА МИССИЯСЫ

Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау саласында көшбасшы болу!

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы бүгінгі таңда фармацевтика және медицина саласындағы мамандарды дайындайтын жетекші жоғары оқу орны болып табылады. Мамандарды дайындау бакалавриат, интернатура, магистратура, докторантура, резидентура деңгейінде жүргізіледі. Академия жанындағы медицина колледжінде фармацевтика және медицина білім бағдарламалары бойынша техникалық және кәсіптік білімді, орта білімнен кейінгі мамандар дайындалады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім денсаулық сақтау және фармацевтика саласы қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату және қайта дайындау бағдарламалары бойынша үздіксіз кәсіптік білім беру факультетінде жүзеге асырылады.

РЕКТОРАТ

ОҚМА ректоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор
РЫСБЕКОВ МЫРЗАБЕК МЫРЗАШЕВИЧ

ОҚМА бірінші проректоры,
медицина ғылымдарының кандидаты, профессор
ЕСИРКЕПОВ МАРЛЕН МАХМУДОВИЧ

ОҚМА оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары бойынша проректор,
медицина ғылымдарының докторы, доцент
АНАРТАЕВА МАРИЯ УЛАСБЕКОВНА

ОҚМА қаржы және шаруашылық қызметі жөніндегі проректор
СЕЙТЖАНОВА ЖАННА СЕРИКЖАНОВНА

ОҚМА оқу-әдістемелік орталығының басшысы, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент
ДОЛТАЕВА БИБИГУЛЬ ЗАЙДУЛЛАЕВНА

ОҚМА резидентура деканы, медицина ғылымдарының кандидаты
БЕКТЕНОВА ГУЛЬМИРА ЕРСЕИТОВНА

ОҚМА тіркеу офисінің басшысы, фармацевтика ғылымдарының кандидаты
СЫЗДЫКОВА САУЛЕТ АКМУРЗАЕВНА

ОҚМА компьютерлік-тестілеу және баспа орталығының басшысы
УКСИКБАЕВ МАКСАТ ТУРАРОВИЧ

ОҚМА кітапханалық-ақпараттық орталығының басшысы
ДАРБИЧЕВА РАУШАН ИСКАКОВНА

КАФЕДРАЛАР

	Кафедра атауы	Т.А.Ә.	Ғылыми дәрежесі, атағы
1.	Хирургия, онкология және травматология кафедрасы	Абдурахманов Бабур Анварович	Мед.ф.к., доцент
2.	Хирургия кафедрасы	Жумагулов Копжан Нурбабаевич	Мед.ф.к.
3.	Ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасы	Ахаева Лаура Жаксылыковна	
4.	Отбасылық медицина кафедрасы	Қауызбай Жұмалы Әріпбайұлы	Мед.ф.к., доцент
5.	Терапия және кардиология кафедрасы	Асанова Галия Кутымбетовна	Мед.ф.к.
6.	Фтизиопульмонология және радиология кафедрасы	Касаева Ляззат Татибековна	Мед.ф.к.
7.	Жалпы тәжірибелік дәрігер - 1 кафедрасы	Даткаева Гულიмира Маханбетовна	Мед.ф.к.
8.	Жалпы тәжірибелік дәрігер - 2 кафедрасы	Досыбаева Гүлжан Нурбековна	Мед.ф.д., доцент
9.	Педиатрия - 1 кафедрасы	Кемельбеков Канатжан Сауханбекович	Философия докторы (PhD)
10.	Педиатрия - 2 кафедрасы	Бектенова Гულიмира Ерсейтовна	Мед.ф.к., доцент
11.	Жұқпалы аурулар және дерматовенерология кафедрасы	Абуова Гүлжан Наркеновна	Мед.ф.к., профессор
12.	Акушерлік және гинекология кафедрасы	Кулбаева Салтанат Налибекқызы	Философия докторы (PhD), асс.профессор
13.	Жедел медициналық көмек және мейіргер ісі кафедрасы	Сейдахметова Айзат Ашимхановна	Мед.ф.к.
14.	Микрорбиология, вирусология және иммунология кафедрасы	Сейтханова Бибігүл Төлегенқызы	Мед.ф.к., доцент
15.	Биология және биохими	Есиркепов Марлен Махмудович	Мед.ф.к., профессор
16.	Химиялық пәндер кафедрасы	Дауренбеков Канат Нарбекович	Хим.ф.к., доцент
17.	Фармакогнозия кафедрасы	Орынбасарова Кульпан Кенжебаевна	Фарм.ф.к., доцент
18.	Неврология, психиатрия, реабилитология және нейрохирургия кафедрасы	Жаркинбекова Назира Асановна	Мед.ф.к., доцент
19.	Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы	Ибраева Ляззат Бостановна	Филолог.ф.к.
20.	Шет тілдері кафедрасы	Жумагулова Гүлшат Копжановна	Филолог.ф.к.
21.	Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	Аширов Шадияр Алдиярович	Тарих ф.к.
22.	Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер кафедрасы	Нуржанбаева Жаннат Оралбайқызы	Философия докторы (PhD)
23.	Медбиофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы	Иванова Марина Борисовна	Физ.мат.ф.к., Асс.профессор
24.	Қалыпты анатомия кафедрасы	Танабаев Баймахан Дильбарханович	Мед.ф.к., доцент
25.	Патологиялық анатомия және гистология кафедрасы	Садыкова Алия Шамилевна	Мед.ф.д., доцент
26.	Қалыпты және патологиялық физиология кафедрасы	Жакипбекова Галия Сапаровна	Биолог.ф.к., доцент
27.	Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы	Токсанбаева Жанат Садебековна	Фарм.ф.к., доцент

28.	Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы	Ордабаева Сауле Кутымовна	Фарм.ф.д., профессор
29.	Фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы	Шертаева Клара Джолбарисовна	Фарм.ф.д., профессор
30.	Дәрілер технологиясы кафедрасы	Сагиндыкова Баян Ахметовна	Фарм.ф.д., профессор
31.	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы кафедрасы	Арыстанбаев Куттыбек Есенгельдиевич	Техн.ф.к., асс. профессор
32.	Инженерлік пәндер кафедрасы	Орымбетова Гулбаги Эмитовна	Техн.ф.к.
33.	Гигиена және эпидемиология кафедрасы	Утепов Пархад Дусембаевач	Мед.ф.к.
34.	Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы	Сарсенбаева Гульзат Жанабаевна	Мед.ф.к.
35.	Хирургиялық және ортопедиялық стоматологиясы кафедрасы	Шукпаров Асылбек Баядилович	Мед.ф.к.
36.	Терапиялық және балалар стоматологиясы кафедрасы	Кенбаева Лаура Омархановна	Мед.ф.к.
37.	Клиникаға кіріспе кафедрасы	Жумадилова Акмарал Рахматуллаевна	Философия докторы (PhD)
38.	Дене шынықтыру кафедрасы	Аширбаев Орынбасар Атырханович	Педагогика ф.магистрі
39.	Әскери кафедрасы	Касымбеков Асан Булегенович	-

ГЛОССАРИЙ

Академиялық саясат - бағдарланған оқыту туралы тәжірибелерді іске асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау және басқару және оқу процесін тиімді ұйымдастыру жөніндегі шаралар, ережелер мен рәсімдер жүйесі.

Резидентура базасы - денсаулық сақтау министрі белгілеген тәртіппен резидентура бағдарламасын немесе оның бір бөлігін іске асыруға құқық алған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының немесе денсаулық сақтау ұйымының клиникасы.

Резидент дәрігер - резидентураның білім беру бағдарламасы шеңберінде оқитын және клиникалық тәлімгердің қадағалауымен медициналық ұйымда жұмыс істейтін дәрігер.

Резидентура тыңдаушысының жеке оқу жоспары (бұдан әрі-ЖОЖ) - резидентура тыңдаушыларына арналған резидентураның білім беру бағдарламасы негізінде ғылыми жетекшінің көмегімен әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары болып табылады.

Біліктілік-алынған мамандық пен мамандық бойынша белгілі бір қызмет түрін орындауға дайындық деңгейі.

"ОҚМА" АҚ клиникалық кафедрасы - білім алушыларды практикалық даярлауды іске асыратын және емдеу жұмыстарын жүзеге асыратын клиникалық базаларда (медициналық ұйымдарда, медициналық қызметті жүзеге асыратын ғылым мекемелерінде) орналасқан құрылымдық бөлімше.

Клиникалық базалар - медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық бөлімшелері (клиникалары), сондай-ақ медициналық білім беру ұйымдарымен шарттар бойынша Медициналық және фармацевтикалық кадрларды даярлау үшін тиісті жағдайлар ұсынатын денсаулық сақтау ұйымдары.

Клиникалық тәлімгер - кәсіби құзыреттер шеңберінде резидентура тыңдаушыларының практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін медициналық ұйымның немесе медициналық білім беру ұйымының басшысы тағайындайтын кемінде бес жыл өтілі бар медицина қызметкері.

Академиялық тәлімгер - резиденттерге консультациялық, әдістемелік, оқу көмегін көрсету үшін кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамынан тағайындалатын тұлға.

Құзыреттілік - оқыту процесінде алған білімін, біліктілігін, дағдыларын кәсіби қызметте қолдана білу қабілеті.

Медициналық ұйым (бұдан әрі - МҰ) - ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, медициналық қызметті негізгі қызмет түрі ретінде, білім алушыларды клиникалық даярлаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік, оқу, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстары әдістерімен жүзеге асыратын, сондай-ақ медициналық қызметтер көрсететін заңды тұлға.

Резидентура - мақсаты дербес клиникалық практикаға жіберу үшін тиісті мамандық бойынша дәрігердің кәсіби біліктілігін алу немесе өзгерту болып табылатын жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру деңгейі.

ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТ

Оқу процесін ұйымдастыру «Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орындау, медициналық кадрларды оқуға қабылдау және даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Резиденттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптар ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» бұйрығымен; «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларының мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № ҚР ДСМ-12/20 бұйрығы.

Резидентурада медициналық кадрларды даярлау мерзімі дәрігердің еңбек өтіліне және мамандық бойынша жұмыс өтіліне есептеледі. Резидентурада медициналық кадрларды даярлау медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде даярлауды қамтамасыз ететін аккредиттелген клиникалық базаларда жүзеге асырылады. Бұл ретте резидентурада медициналық кадрларды даярлау аудандық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымдарында басталып, облыстық және Республикалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымдарында аяқталады.

Резидентурада оқытуды ПОҚ және клиникалық тәлімгерлер (тәжірибелік денсаулық сақтау) жүргізеді.

Оқу жұмыс жоспарлары резидентура бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, резидент дәрігерлердің жеке жұмыс жоспарлары әзірленеді және ғылыми кеңестің шешімі негізінде «ОҚМА» АҚ ректорымен бекітіледі. Резидент дәрігердің жеке жұмыс жоспары кафедра отырыстарына бекітіледі.

Резидент таңдаған элективті пәндерді ескере отырып, мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалған жеке оқу жоспары негізінде білім алады.

Оқу кезінде резидент дәрігер:

- жеке жұмыс жоспарын орындайды;
- бағдарламада көзделген аралық аттестаттауды, қорытынды аттестаттауды тапсырады.

Резидент-дәрігерлерді резидентура базалары бойынша бөлуді резидент-дәрігер жұмысының жеке жоспарына сәйкес резидентура бөлімі және кафедралар бірлесіп жүзеге асырады.

Мамандықтар бөлімдері бойынша оқу жүктемесінің және клиникалық жұмыстың көлемі резидент - дәрігердің жеке жұмыс жоспарымен (бұдан әрі-ОЖБ) айқындалады.

Резиденттер оқу жылына 1 рет кафедра отырысында жеке жоспардың орындалуы туралы есеп береді.

Резидент дәрігерді бір оқу орнынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қалған оқу мерзіміне бос орынға ауыстыру Ғылыми кеңестің шешімі негізінде «ОҚМА» АҚ ректорының шешімімен демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

Аударма рәсімі «ОҚМА» АҚ академиялық саясатымен реттеледі.

Резидент дәрігерлерді басқа ЖОО-дан ұлттық ЖОО-ға немесе өзге ЖОО-ға ауыстыру білім алушылар білім беру тапсырысы құнының айырмасын қосымша төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын резидент дәрігерлерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және мөлшерлеу қағидаларына сәйкес стипендия төленеді.

Резидентурада даярлау резидент дәрігерлерді медициналық қызметтер көрсетуге жеке қатысуға және тәлімгердің қадағалауымен пациенттерге көмек көрсету жөніндегі қызмет үшін жауапкершілікке тарта отырып, теория мен клиникалық практиканы интеграциялау негізінде жүзеге асырылады. Дайындық барысында резидент дәрігердің дағдыларды, білім мен тәжірибені игеруіне қарай тәуелсіз жауапкершілігінің арту дәрежесі қамтамасыз етіледі.

Резидент-дәрігерді оқыту және қызмет көрсетуге тарту қызмет көрсетудің үш жақты шарты негізінде жүзеге асырылады: «ОҚМА» АҚ - резидентура базасы - резидент дәрігер.

Резидентурада оқыту резидент-дәрігерге резидентура базасы мен «ОҚМА» АҚ тең жауапкершілікпен жұмыс орнын ұсынуды көздейді.

Резидент-дәрігерге оқу кезеңінде еңбек тәртібінің ережелері, «ОҚМА» АҚ резидентура базасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптары қолданылады.

Резидент дәрігерлерге академиялық кезеңдер арасында демалыс беріледі. Медициналық мамандықтар бойынша резидентураның мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Резидентура мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасына сәйкес бітіру курсы қоспағанда, оқу жылы ішіндегі каникулдардың ұзақтығы кемінде жеті аптаны құрайды.

Білім беру бағдарламасының сапасын бақылауды қорытынды аттестаттау нысанында - білім алушылардың білімі мен дағдыларына бағалау жүргізуге уәкілетті орган аккредиттеген ұйым жүзеге асырады.

Резидентурада оқуды аяқтаған резидент дәрігерлерге резидентураны бітіргені туралы куәлік және транскрипт беріледі.

Резидент-дәрігерлерді шығару «ОҚМА» АҚ академиялық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Резиденттерді даярлау төмендегі қағидаларға негізделеді:

- білім алушының қажеттіліктерін ескере отырып, оқытуды дараландыруға;
- нақты пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ететін жұмыс берушінің мүддесі үшін нысаналы даярлыққа;

- білім беру және ғылыми жетістіктер саласындағы әлемдік деңгейге бағдарлауға;

- жыл сайынғы жаңарту арқылы іске асырылатын БББ ұтқырлығына.

Резидентурада оқу процесін ұйымдастыру оқу процесін жоспарлау, іске асыру, мониторингілеу және іске асыруды талдау кезеңдерін қамтиды:

- оқу процесін жоспарлау кезеңінде білім беру ресурстарын (оқытушылар, клиникалық тәлімгерлер, клиникалық базалар, әдебиеттер) талдау, элективті пәндер каталогын жасау, оқу жұмыс бағдарламаларының жобаларын (бұдан әрі - ОЖБ) жасау, ОӘК құрастыру (жаңарту) жүзеге асырылады;

- БББ іске асыру кезеңі резиденттердің таңдау бойынша міндетті компонент пен компонент пәндерін меңгеруін, сондай-ақ аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

Резидентурада оқу сабақтары инновациялық технологиялар мен оқытудың интерактивті әдістерін пайдалана отырып жүргізіледі.

Резидентурадағы оқу аптасы 5 күннен тұрады. 1 апта оқу-2 кредит. 1 оқу жылы - 70 академиялық кредит (2100 академиялық сағат). 1 оқу жылы-аралық аттестаттаумен және бітіру курсындағы қорытынды аттестаттаумен аяқталатын бір академиялық кезең. Аудиториялық жұмыстың бір академиялық сағаты 50 минутқа тең.

Резидентурада даярлау аудиториялық жұмысты, клиникалық тәлімгердің (бұдан әрі - РОӨЖ) басшылығымен дербес клиникалық жұмысты және резиденттің (бұдан әрі - РӨЖ) дербес жұмысын қамтиды.

Аудиториялық жұмыс көлемі - 10%, РОӨЖ - 75%, РӨЖ - әр пән көлемінің 15% (толық оқыту), 2022-2023 оқу жылынан бастап - тиісінше 20%, 70%, 10%-ын құрайды.

Резидентурада даярлау таңдалған мамандық бойынша медициналық көмек көрсету деңгейлеріне сәйкес келетін резидентура базаларында тиісті клиникалық/практикалық тәжірибе алу арқылы клиника жағдайында практикалық жұмысты қамтиды.

Көшпелі резидентура орталық аудандық ауруханаларда, моноқалалардың орталық ауруханаларында, қалалық және облыстық клиникаларда, республикалық ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарында өткізіледі.

Резиденттер клиникалық базада дәрігер - мамандардың тиісті қорытындылары бар санитарлық кітапша болған жағдайда ғана оқуға жіберіледі.

Хирургиялық, гинекологиялық, акушерлік, гематологиялық бейіндегі резиденттер вирустық гепатит В және вирустық гепатит С маркерлеріне оң нәтижелер болған кезде мамандық бойынша оқуға жіберілмейді.

Резидент жеке оқу жоспары (бұдан әрі - ЖОЖ) және жеке жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖБ) негізінде білім алады.

БББ, мамандық бойынша үлгілік оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде өзі қалыптастыратын және академиялық тәлімгермен келісілетін жеке оқу жоспары. Элективті пәндер туралы ақпарат, олардың қысқаша сипаттамасын қоса алғанда, элективті пәндер каталогында қамтылған.

Резидент-дәрігердің жеке жұмыс жоспарында клиникалық және ғылыми жұмыс көлемі көрсетіледі.

РЕЗИДЕНТ-ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Резидент-дәрігерлердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптар білім алушылардың қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерінің негізінде айқындалады:

- пациентке жетекшілік жасау: медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті;

- коммуникация және коллаборация: пациент үшін үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті;

- қауіпсіздік және сапа: медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалауға және неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті;

- қоғамдық денсаулық сақтау: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру саласы шеңберінде өз мамандығы бойынша әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби емес командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті;

- зерттеулер: барабар зерттеу мәселелерін тұжырымдауға, кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық дерекқорларды тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына қатысуға қабілетті;

- оқыту және дамыту: өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың өзге де нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.

РЕЗИДЕНТТЕРГЕ БАСШЫЛЫҚ

Резидентурада оқыту ПОҚ және клиникалық тәлімгердің басшылығымен жүзеге асырылады.

Практикалық құзыреттерді тиімді игеру үшін резиденттер клиникалық базада жұмыс істеуге клиникалық тәлімгерлерді тартады.

Клиникалық тәлімгерлерді кафедралар мен резидентура бөлімі бірлесіп тағайындайды және ғылыми кеңес бекітеді. Клиникалық тәлімгер тиісті мамандық бойынша сертификаты және кемінде 5 жыл өтілі бар резидентура базаларында жұмыс істейтін білікті практикалық денсаулық сақтау мамандарының арасынан тағайындалады.

РӨЖ клиникалық тәлімгердің басшылығымен жүргізіледі.

РӨЖ резидент жұмысының аудиториядан тыс түрі болып табылады және 75% - (құрайды (толық оқыту); 2022-2023 оқу жылынан бастап - жүктеменің 70% -ын құрайды және мыналарды қамтиды:

- таңертеңгі дәрігерлік конференцияларға қатысуды;
- диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына және медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкес пациенттерді курациялауды (жүргізуді) / қабылдауды, рецепттер жазуды, дәрі-дәрмектерді тегін беруді ұйымдастыруды, клиникалық тәлімгердің басшылығымен үйде шақыруларға қызмет көрсетуді
- аралауларға, консилиумдарға, клиникалық талдауларға, патологиялық-анатомиялық конференцияларға қатысуды, операцияларды жүргізу немесе ассистенттеуді және т. б.;
- қосымша зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізуге қатысуды;
- коммуникативтік дағдыларды дамытуды, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;
- медициналық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелеріндегі жұмысты;
- медициналық сараптама жүргізуге қатысуды;
- профиллактикалық тексерулер, скринингтер жүргізуге қатысуды;
- аутопсияларды жүргізуге, аутопсиялық, биопсиялық және операциялық материалдарды патологиялық-анатомиялық ашуға және зерттеуге қатысуды;
- портфолио құруды;
- клиникалық базаларда айына кемінде 4 рет кезекшілікті;
- клиникалық тәлімгер жұмысының тиімділік көрсеткіштері: білім алушылардың мамандық бойынша дәрігерлік дағдылар мен құзыреттерді алуы және тәуелсіз емтихан тапсыруы болып табылады.

РЕЗИДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ (РӨЖ)

РӨЖ аудиториядан тыс жұмыс түрі болып табылады.

РӨЖ-ның барлық түрлері бағалау критерийлеріне сәйкес бағалануы керек, олар резиденттерге түсіндірілуі керек. РӨЖ бағасы резиденттің орындаған әрбір тапсырмасы үшін бағалау болуы мүмкін немесе бірнеше тапсырмалар орындаған ұпайлардың қосындысынан тұруы мүмкін.

Бақылау тақырыпты теориялық талдау кезінде, сондай-ақ пациенттермен (уақтылы диагностика, барабар емдеу және т.б.) және қазіргі әдебиеттермен (ғылыми-практикалық конференциялар, тақырыптық хабарламалар және т. б.) жұмыс нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

РӨЖ мақсаттары:

- дербес еңбек дағдыларын қалыптастыру (білім алуда, дағдыларды, арнайы және жалпы құзыреттіліктерді қалыптастыру), кәсіби міндеттерді шеше білу;
- үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін дамыту;
- жұмыс уақытын жоспарлау және ұйымдастыру тәжірибесін алу;
- ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылықты қалыптастыру;
- тұлғаның кәсіби және әлеуметтік қасиеттерін дамыту (болашақ дәрігер ретінде резиденттің жеке басын қалыптастыру).

РӨЖ мыналарды қамтиды:

- ауру тарихын сараптау;
- ғылыми жобаның нәтижелерін талдау, ғылыми мақалалар дайындау;
- ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу және сөз сөйлеу;
- оқыту семинарларына, шеберлік сыныптарына, клиникада және клиникадан тыс вебинарларға қатысу;
- медициналық статистика мен есептілікті зерттеу;

-оқу-ғылыми әдебиеттермен, клиникалық нұсқаулықтармен, диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларымен жұмыс істеу, рефераттар, презентациялар, зерттеу жұмысы бойынша жобалар дайындау;

- кітапханада және электрондық деректер базасымен жұмыс істеу;
- қажетті практикалық дағдыларды меңгеру үшін практикалық дағдылар орталығында жұмыс істеу;
- практикалық сабақтарға дайындық.

АҒЫМДАҒЫ, АРАЛЫҚ, ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТТІ БАҒАЛАУ

Резиденттердің үлгерімін ағымдағы бақылау пәндердің оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру мақсатында жүргізіледі және аудиториялық (тәжірибелік) сабақтарда білімді бақылауды және РОӨЖ және РӨЖ бойынша білімді бақылауды білдіреді.

Аудиториялық сабақтарда резидент орындаған әрбір тапсырма үшін білім алушылардың үлгерімін бақылау қойылады.

Пәннің оқу бағдарламасымен білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың әртүрлі түрлері анықталады: ауызша сауалнама, жазбаша бақылау, аралас бақылау, үй тапсырмаларын таныстыру, пікірталастар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, кейс-кезеңдер, тесттер және т. б.

Үлгерімді ағымдағы бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері 100 балдық шкала бойынша және үлгерімді ағымдағы бақылаудың түпкілікті нәтижесі бойынша бағаланады, яғни академиялық кезең ішінде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасын есептеу жолымен рұқсат беру рейтингін бағалау (бұдан әрі-РБРБ) айқындалады.

Резиденттердің білімін аралық бақылау кредиттер санына қарамастан кемінде екі рет жүргізіледі (мерзімдерді кафедралар жеке айқындайды).

Себепсіз сабақтан қалған жағдайда, өткізілген сабақ күндері өтелмейді. Себепсіз сабақтан қалған білім алушыларға немесе сабағы өтелмегендерге электрондық журналда «Ж» белгінің қасына «0» деген белгі академиялық кезеңінің соңғы аптасында қойылады.

Себепті сабақтан қалған күндер өтеледі: растау қағазы болған жағдайда (денсаулыққа байланысты, отбасылық себептермен немесе басқа объективті себептермен). Білім алушы оқуға шыққаннан соң 5 күн аралығында анықтама қағазын беруі тиіс. Растау қағазы болмаған жағдайда немесе оқуға шыққаннан соң 5 күннің ішінде растау қағазы деканатқа берілмесе сабақтан қалған күндер себепсіз болып есептеледі. Білім алушы деканның атына мәлімдеме жазып, мерзімі көрсетілген өтем қағазын алады, өтем қағазын деканаттан алғаннан соң 30 күн аралығында жарамды. Себепті сабақтан қалған білім алушыларға, электрондық журналда «Ж» белгінің қасына өтелген сабақтың бағасы қойылады. Сонда «Ж» белгісі автоматты түрде жойылады.

Бағалау рәсімін ұйымдастыруы «ОҚМА» АҚ оқыту нәтижелерін бағалау саясатында сипатталған.

Қорытынды бақылау академиялық күнтізбесіне сәйкес оқу циклының соңында жүргізіледі.

Қорытынды бақылауды ұйымдастыру және өткізу жұмыс оқу жоспарына сәйкес және университеттің Ғылым кеңесі бекіткен нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- «ОҚМА» АҚ білім алушылардың компьютерлік тестілеу түрінде аралық аттестациясын ұйымдастыру және өткізу ережесі;

- «ОҚМА» АҚ жазбаша және ауызша емтихандарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже

Қорытынды бақылауды өткізу түрін Клиникалық кеңесте талқыланады және резидентура меңгерушісінің ұсынысы бойынша оқу жылының басынан бір айдан кешіктірмей Ғылым кеңеспен бекітеді.

Қорытынды бақылауды ұйымдастыруы тіркеуші кеңесіне жүктеледі, емтихан өткізу дайындығы резидентура бөліміне және тіркеуші кеңесіне жүктеледі.

Емтихан кестесін академиялық кезең басталғанға дейін ОӘТЖ жөніндегі проректор бекітетін ОӘО құрастырады.

Бақылау түрлерінің бірі (ағымдағы бақылау, №1 және №2 аралық бақылау) бойынша өту балын (50% және одан кем) алмаған білім алушы пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

Емтиханға жіберу резидентура бөлімі басшысының өкімімен рәсімделеді. Емтихандарға оқу ақысы бойынша қарызы және пән бойынша академиялық қарызы жоқ резиденттер жіберіледі. Оқу ақысы бойынша қарыз академиялық қарызға тең.

Резиденттің емтиханға себепсіз келмеуі немесе емтихан тапсыруға жіберілмеуі академиялық қарызға теңестіріледі.

Қорытынды бақылауды дәлелді себептермен (денсаулық жағдайы бойынша, отбасылық мән-жайлар бойынша және т.б.) өткізіп алған кезде білім алушы жазбаша өтініш пен растайтын құжаттарды деканатқа өткізуі тиіс. Растайтын құжаттарды ұсыну мерзімі-5 жұмыс күні, өтеу мерзімі – 30 жұмыс күні.

Өтініш берілген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде факультет деканаттары тіркеуші кеңесінің келісімі бойынша жеке кестеге сәйкес қорытынды бақылауды тапсыруға өкім шығарады.

Аралық аттестаттаудың осы кезеңінде оны арттыру мақсатында қорытынды бақылау бойынша оң бағаны қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін резидентура бөліміне ұсынылған денсаулық жағдайы туралы құжаттар қаралмайды.

Төлем бойынша қарызы болған жағдайда резидент «төлем шарты талаптарын орындамау» деген тұжырыммен ЖОО-дан шығарылады.

Емтихан нәтижелері емтихан тізімдемесіне және білім алушының транскриптіне қойылады, олар халықаралық тәжірибеде қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша және дәстүрлі жүйе бойынша бағаланады (оң бағалар, кему шамасына қарай, «А» - дан «D» - ге дейін және "қанағаттанарлықсыз" - «FX», «F»).

Емтихан хаттамаларына емтиханды қабылдаған оқытушы қол қояды және сол күні резидентура бөліміне тапсырылады. Емтихандар аяқталғаннан кейін хаттамалар тіркеушінің кеңсесіне беріледі.

Академиялық қарызы болған жағдайда оны жою ұзақтығы ақылы негізде жазғы семестрді қоса алғанда, бір оқу жылын құрайды. Соңғы оқу жылында жазғы семестр қарастырылмаған.

Резидент қорытынды бақылаудан «FX», яғни «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, пәнді қайта оқымай-ақ, қорытынды бақылау аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасын алған жағдайда «F» белгісіне сәйкес резидент осы оқу пәніне/модульге ақылы негізде қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және ағымдағы оқу жылында қорытынды бақылауды қайта жүзеге асырады. Пәнді қайта оқу үшін кредиттер саны 1 (бір) кредиттен аспайтын 12 жұмыс күні ішінде, демалыс күніндегі кезекшілікті қоса алғанда (10сағат) құрайды.

Дәрігер-резиденттерге мемлекеттік шәкіртақы аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелеріне қарамастан барлық оқу кезеңіне тағайындалады.

Емтиханда мінез-құлық ережелері бұзылған жағдайда (шпаргалка мен ұялы байланыс құралдарын пайдалану, басқа емтихан алушылармен келіссөздер және т.б.) білім алушы аудиториядан шығарылады, емтихан нәтижелері жойылады, емтихан ведомосіне «қанағаттанарлықсыз», «F», «0» деген баға қойылады. Емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді. Білім алушы осы оқу пәніне/модульге ақылы негізде қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта жүзеге асырады.

Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін резидент дәрігер басшымен келісілген жеке оқу жұмыс жоспарын орындау тұрғысынан аттестаттаудан өтеді. Резидентура тыңдаушысын жыл сайынғы аттестаттаудан өткізу рәсімі оқу жұмыс жоспарына және Ғылыми кеңес бекіткен нысандағы академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады. Аттестация нәтижесі «аттестацияланды/аттестацияланбады» түрінде бағаланады.

Қосымша оқуға, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жоюға, үлгерімнің орташа балын арттыруға қажеттілікті қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта (бір аптада 2 кредит) жазғы семестр (бітіру курсы қоспағанда) ұйымдастырылады.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін қорытынды бақылау және аралық аттестаттау негізінде ЖОО ректорының бұйрығымен дәрігер-резиденттер келесі оқу жылына өткізіледі. Осы мақсатта аударым баллы анықталады және ғылыми-кеңесімен бекітіледі.

Оқу бағдарламасын аяқтаған дәрігер-резидент, қорытынды аттестаттауға жіберіледі. Қорытынды аттестаттаудың мақсаты, резидентура бағдарламасы бойынша бітіруші түлектердің кәсіби даярлығын бағалау болып табылады.

Студенттердің алған балдары бағдарламалық материалды игеру деңгейіне байланысты төмендегідей бөлінуі мүмкін:

Әріптік жүйе бойынша бағалу	Балл	%-дың көрсеткіш	Дәстүрлі жүйедегі баға
A	4,0	95-100	өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

Білім алушының қорытынды бағасын есептеу мысалы:

АБ 1 - 80 балл

АБ 2 - 90 балл

АБ орт. = $80+90/2 = 85$ балл

Ағымдық бақылаудың арифметикалық орташа бағасы
(тәжірибелік және зертханалық сабақтар) - 80 балл

СӨЖ 1 - 75 балл

СӨЖ 2 - 85 балл

СӨЖ орташа бағасы = $75+85/2 = 80$ балл

СӨЖ есерумен ағымдық бақылау = $80+80=80$

Рейтинг (60%) = АБ орт. $\times 0,2 +$ Ағ.Борт. $\times 0,4 = 85 \times 0,2 + 80 \times 0,4 = 17 + 32 = 49$ балл

Қорытынды бақылау (40%), мысалы, білім алушы 50 сұрақтың 45-іне дұрыс жауап берді (90%),
 $90 \times 0,4 = 36$ балл

Қорытынды баға (100%) =

1) Р (60%) + ҚБ (40%) = $49 + 36 = 85$ балл

2) АБ орт. $\times 0,2 +$ Ағ.Б орт. $\times 0,4 +$ ҚБ $\times 0,4 = 85 \times 0,2 + 80 \times 0,4 + 90 \times 0,4 = 17+32+36=85$ балл

АБ орт. - аралық бақылаулардың орташа бағасы

Ағ.Б орт. - ағымдық бақылаудың орташа бағасы

ҚБ - қорытынды бақылау бағасы

АБ 1 - ағымдық бақылау 1

АБ 2 - ағымдық бақылау 2

Р - рейтинг

Ағ.Б орт*. - СӨЖ ескерілген ағымдық бақылаудың орташа бағасы

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

1. Элективті пәндер каталогы негізіндегі білім бағдарламаларына/таңдау компонентіне білім алушыларды тіркеу офисімен ұйымдастырылады.
2. Ұйымдастыру-әдістемелік және консультациялық жұмыстарды жүргізу үшін эдвайзерлер қатыстырылады. Эдвайзерлер тізімі доктор/кандидат ғылыми дәрежелері бар қызметкерлерден құрылады.
3. Білім бағдарламаларына/таңдау компонентіне тіркеу академиялық кезеңге дейін жүргізіледі.
4. Білім бағдарламаларына/таңдау компонентіне тіркелу нәтижелері негізінде академиялық топтар құрылады.
5. Білім бағдарламаларына/таңдау компонентіне тіркелу «Платонус» ААЖ арқылы жүзеге асырылады.

РЕЗИДЕНТТЕРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

2020 жылғы 11 желтоқсандағы ҚР ДСМ № ҚР ДСМ-249/2020 "Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес резидентура түлектерін даярлау сапасын бақылау қорытынды аттестаттау нысанында жүзеге асырылады.

Резиденттерді қорытынды аттестаттаудың мақсаты олардың білімдерінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің резидентура мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін айқындау болып табылады.

Қорытынды аттестаттауға жұмыс оқу жоспары мен БББ талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған, ғылыми жобаны орындаған, сондай - ақ ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы (бұдан әрі-ҰЭО) өткізетін өзін-өзі бағалау бойынша кемінде 50 балл жинаған білім алушылар жіберіледі.

Жұмыс оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіру курсының білім алушылары жазғы семестрден өтпей қайта оқу курсына қалады.

ЖОО-да білім алушыларды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларында көзделген мерзімдерде 2 кезеңде жүргізіледі:

- 1 кезең - ҰЭО тест тапсырмалары бойынша өткізілетін кешенді тестілеу;

- 2 кезең - практикалық/клиникалық дағдыларды бағалау (ҰЭО).

Қорытынды аттестаттау барысында түлек резидентураның нақты ББ бойынша даярлау процесінде игерілген құзыреттерді меңгергендігін көрсетуі тиіс.

Резиденттерді қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін қорытынды аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – МАК) құрылады.

МАК құрамына мыналар кіреді:

– МАК төрағасы-практикалық денсаулық сақтау өкілі немесе академияда жұмыс істемейтін ғылыми ұйымның ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар, бітіретін мамандардың бейініне сәйкес келетін қызметкері;

– МАК мүшелері-бітіретін мамандардың бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы немесе академиялық дәрежесі бар тұлғалар, бітіретін мамандардың бейініне сәйкес келетін жоғары білікті практикалық денсаулық сақтау мамандары;

– МАК хатшысы-бітіруші кафедраның қызметкері.

МАК-ның сандық құрамы жыл сайын резидентура бөлімінің отырысында айқындалады және "ОҚМА" АҚ ректорының бұйрығымен 31 желтоқсаннан кешіктірілмей бекітіледі және күнтізбелік жыл бойы қолданылады.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының құзыретіне:

- Резидентура мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартында белгіленген талаптарға шығарылатын мамандардың ғылыми-теориялық және практикалық даярлығының сәйкестік деңгейін тексеру;

- тиісті біліктілік беру және резидентураны бітіргені туралы куәлік беру туралы шешім қабылдау;

- мамандарды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

МАК хатшысының міндеттеріне:

- резиденттердің жеке куәлігінің /паспорттарының көшірмесін жинау;

- емтихан құжаттамасын жүргізу (хаттамалар, ведомостар және т. б.);

- аттестаттау комиссиясының төрағасы мен мүшелерін емтихандарды өткізу нысандары мен күндері туралы уақтылы хабардар ету;

- резидентурадан өткені туралы куәліктердің бланкілерін толтыру.

Кешенді емтиханның нәтижесімен келіспейтін білім алушы тестілеу кезінде 1-кезеңді (кешенді тестілеуді) өткізу кезінде апелляция, ал 2-кезеңнің апелляциясын оның нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Кешенді емтихан (тәуелсіз емтихан) бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар білім алуды аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтаманы бере отырып, «ОҚМА» АҚ Ректорының бұйрығымен ЖОО-дан шығарылады. Қорытынды аттестаттау бойынша "қанағаттанарлықсыз" баға алған тұлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыруға ағымдағы оқу жылында резидентурада рұқсат етілмейді.

Тәуелсіз емтиханнан өтпеген резиденттер келесі оқу жылында ҰЭО-да өзін-өзі бағалаудан өту нәтижесімен кемінде 70 баллмен қайта тапсыруға жіберіледі.

Бағалау рәсімін ұйымдастыру "ОҚМА АҚ оқыту нәтижелерін бағалау саясатында" сипатталған.

РЕЗИДЕНТТІҢ ПОРТФОЛИОСЫ

Резиденттің портфолиосы мыналардан тұрады:

- жеке оқу жоспарынан;

- жеке жұмыс жоспарынан;

- резидент-дәрігер жеке жұмыс жоспарының орындалуы туралы есебінен;

- практикалық дағдыларды игеру туралы есебінен;

- бағалау парақтары, 360 градусқа бағалау сауалнамаларынан;

- ғылыми жарияланымдардың көшірмелерден;

- резидент бойынша бұйрықтардан (кафедраның ғылыми жобасына, кафедраны жақсарту жобасына, жұмыс топтарына және т. б. қатысу туралы);

- қосымша оқу материалдардан (сертификаттар, дипломдар және т. б.);

- бітірушінің ғылыми жобасы (бар болса).

Резиденттің ғылыми қызметі отандық және халықаралық басылымдарда жарияланған рефераттар немесе мақалалар (бір оқу жылында кемінде бір) түріндегі жарияланымы болған жағдайда ғана есептеледі.

Резидент оқытудың барлық кезеңі ішінде портфолио қалыптастыруға және оны модуль/пән аяқталғаннан кейін БББ басшысына бағалау үшін ұсынуға міндетті.

Резидент ОЖБ-ны орындау туралы есепті сессия басталғанға дейін 5 күн ішінде ұсынуға міндетті.

ЖОО-ДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚОРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Академия кафедраларының қажетті деңгейдегі материалдық-техникалық жабдықтары оқу үдерісін қамтамасыз етеді. Барлық кафедраларда оқытудың техникалық құралдары (компьютерлер, мультимедиялық проекторлар, интерактивті тақталар, т.б) және көрнекі құралдар бар. Бірқатар кафедраларда биохимиялық, морфологиялық, микробиологиялық, физиологиялық және гигиеналық

лабораторияларға арналған заманауи жабдықтар бар. Оқу зертханаларындағы және тәжірибелік дағды орталығындағы жұмыс білім алушыларға практикалық дағдыларының белгілі деңгейіне жетуге мүмкіндік жасайды.

Зертханалардың негізгі міндеттері:

- білім бағдарламаларының мемлекеттік білім беру стандарттарына, оқу бағдарламаларына, оқу жұмыс жоспарларына және басқа құжаттарға сай ЖОО-ның жарғы қызметінің, сапалық білім беру үдерісінің және басқа үдерістердің қамтамасыз етілуі;

- академияның профессор-оқытушылар құрамына, білім алушыларға кеңес беру, оқу-әдістемелік көмектің көрсетілуі.

Оқу процессінде академияның материалдық қорларын пайдалану барысында білім алушылар «Өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша нұсқауды», «Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқауды» және «Академияның ішкі тәртіп ережелерін» сақтауы тиіс.

Ақпараттың негізгі түпдеректерінің бірі болып кітапханалық-ақпараттық орталық табылады.

Кітапхана компьютерлермен жабдықталған. Автоматтандырған «Оқырман» және «Кітап беру» жұмыс орындары кітапхана оқырмандарының электрондық есебін жүргізуге, әдебиеттің беруін және қабылдауын жүргізуге мүмкіндік береді.

Оқу залдарымен пайдалану ережелері:

1. Оқу залында әдебиетке тапсырыс жасағанда оқырмандар оқырман билетін көрсетеді және қажетті басылымдарды алғаннан кейін әр басылымның кітап формулярына және бақылау талонына қолын қояды.

2. Оқу залдарында берілетін кітаптар, баспаның басқа материалдарының саны шектелмейді. Бір мерзімдегі сұраныс жоғарласа, кітап саны шектелуі мүмкін.

3. Негізгі кітап қоймасынан оқу залына берілген әдебиет белгілі уақытқа броньдалуы мүмкін.

4. Оқу залдарына жеке және басқа кітапхана кітаптарымен, журналдарымен, газеттермен, баспа басылымдарының ойыстарымен, басқа баспа материалдарымен кіруге рұқсат берілмейді.

5. Оқу залдарынан әдебиетті шығаруға тиым салынады.

6. Оқу әдебиетін «Абонемент» бөліміне тапсырмаған қарызы бар студенттерге қызмет көрсетілмейді.

Оқырман міндеттері:

1. Оқырмандар міндеті:

- әдебиетті алу үшін оқырман билетін көрсетуге, кітап формулярында әр басылым үшін қолын қоюға;
- кітаптарды, басқа басылымдарды, кітапхана материалдарын құнттап ұстауға;
- кітапханадан алған басылымдарды көрсетілген мерзімде қайтаруға.

2. Оқырманға рұқсат етілмейді:

- кітапханаға сыртқы киіммен келуге;
- оқу залдарына сөмкелермен кіруге;
- кітапхана бөлімінде тыныштық пен тәртіпті бұзуға;
- әдебиетті алу үшін біреудің құжатын пайдалануға;
- қолды қоймай, кітапханадан кітаптарды шығаруға;
- кітапханалық басылымдарды бүлдіруге: белгі жасау, сызу, парақ жырту, қайыру т.б.
- каталогтар мен картотекалардан карточкаларды алып шығаруға;
- рұқсатсыз қызметтік бөлмелер мен кітап қоймаларына кіруге.

КӨРСЕТІЛЕТІН АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

1. Оқудың төлемі ағымдағы оқу жылының 25 тамызына және 25 желтоқсанына дейін жоғарғы оқу орнының тарифтеріне сай және ақылы білім беру қызметтерінің көрсетілуінің келісім шартына сай жасалынады.

2. ЖОО негізгі оқу үдерісіне енгізілмеген қосымша білім беру және жалғаспалы қызметтері үшін төлемдерді белгілеуі мүмкін.

3. Қайтадан курсты өтейтін білім алушы сессия барысында тапсырылмаған пәндердің оқытылуына ғана төлейді.

4. Оқудан шығып қайтадан келген немесе басқа ЖОО-нан ауыстырылған білім алушы академиялық пән айырмашылықтары үшін төлем ақыны ОҚМА-ның тарифтеріне сай қосымша төлейді.

5. Академиялық қарыздарды өтеу ОҚМА-дағы бағалардың калькуляциясына сай жасалады.

СТИПЕНДИЯ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды төлеу ҚР Үкіметінің, ҚР БҒМ, ҚР ДСМ нормативтік құжаттарына және "білім туралы" ҚР Заңына толық сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік стипендия білім алушыларға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған, емтихан сессиясының немесе білім алушыларды аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша "жақсы", "өте жақсы" бағаларына сәйкес

келетін бағалардың баламасын алған білім алушыларға төленеді. "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған, содан кейін осы бағаларды "жақсы" және/немесе "өте жақсы" бағасына қайта тапсырған білім алушыларға стипендия тағайындау жүргізілмейді.

Докторанттарға, резидент-дәрігерлерге мемлекеттік стипендия аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелеріне қарамастан барлық оқу мерзіміне барлық оқу кезеңі ішінде тағайындалады.

Көру қабілеті нашар адамдарға және есту қабілеті нашар адамдарға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балаларға мемлекеттік стипендия растайтын құжаттар ұсынылған күннен бастап және емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешек болмаған кезде жоғарылату ескеріле отырып тағайындалады.

Бір оқу орнынан екінші оқу орнына ауыстырылған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады.

Академиялық демалыстан оралған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия тағайындау білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылық жойылғаннан кейін жүзеге асырылады.

Босаған бос мемлекеттік гранттар шеңберінде ақылы оқу негізінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған білім алушыларға мемлекеттік стипендия тағайындау ЖОО ректорының грант бойынша оқуға ауыстыру туралы бұйрығы шыққаннан кейін жүзеге асырылады.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ АР КОДЕКСІ

Білім алушы өз бойындағы жеке шығармашылық қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған білім бағдарламасының кәсіби шебері болуға, Қазақстан Республикасына лайықты азамат болуға ұмтылады.

Білім алушы үлкендерге құрметпен қарайды, өз ортасына қарым-қатынас кезінде дөрекілік танытпайды және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық көрсетіп, мүмкіндігінше қамқор болады.

Білім алушы парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі, әдепсіздікке және жыныстық, ұлттық, діни бөлугермен шектеулерге жол бермейді.

Білім алушы салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әдеттерден аулақ болады.

Білім алушы жоғарғы оқу орнының дәстүрлерін құрметтейді, оның мүліктерін қорғап, білімгерлер Үйінің тәртібі мен тазалығын қадағалайды.

Білім алушы жоғарғы оқу орнының атағы мен мәдениетін көтеруде шығармашылық белсенділіктерін дамытуға бағытталған (ғылыми, спорттық, көркемөнер т.с.с.) барлық қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді мойындайды.

Білім алушы жоғарғы оқу орнының қабырғасынан тыс уақытта, өзінің жоғарғы мектептің өкілі екенін есте ұстап, оның намысы мен жетістіктерін түсірмеуге барлық күшін жұмсайды.

Білім алушы академиялық ықылассыз іс әрекет түрлерімен күресуді өзінің парызы деп санайды, олардың қатарында: білімді бақылау кезінде басқа адамдардан көшіру және көмек сұрау; көлеміне қарамастан барлық дайын оқу материалдары: мәнжазбалар, курстық жұмыстар, бақылаулар, дипломдық және басқа да жұмыстарды, сонымен қатар өзінің жеке еңбегі нәтижесі ретінде Интернет – ресурстарын дайындау; жоғары баға алу үшін өзінің туыстық немесе қызметтік байланыстарын қолдану; сабақ кезінде серуендеу; сабақтан кешігу және себепсіз оқу сағаттарын босату.

Білім алушы болашақта Қазақстанның экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайық сапалы және бәсекеге қабілетті білім алуда, жоғарыда айтылған барлық академиялық ықылассыз іс-әрекеттер үйлесімділік танытпайды деп санайды.

ОҚМА-да білім алушылардың арыз шағымдары мен қарсылықтарын қарастыру тәртібі

Дайындықтың барлық деңгейінде білім алушылар осы Тәртіпке сәйкес құрылымдық бөлімшелердегі оқу үдерісі саясатына арыз шағым/қарсылық білдіруге құқылы; ҚР заңнамаларында қарастырылған тәртіп бойынша жоғары оқу орны басшылығының бұйрықтары мен өкімдеріне арыз шағым білдіре алады.

Білім алушылар оқу үдерісі саясатына, жоғары оқу орны басшылығының бұйрықтары мен өкімдеріне арыз шағымды екі түрлі жолмен білдіре алады: өкімшілік және сот арқылы.

Формасы бойынша арыз шағым/қарсылық жазбаша немесе ауызша түрде болуы мүмкін (мәселен деканға ескертуі).

Оқу үдерісі бойынша арыз шағымы бар білім алушылар факультет деканына оны (ауызша немесе жазбаша) еркін түрде жеткізеді, кемшіліктерді фактімен баяндайды (егер кемшілік болса), болған кемшіліктің күні мен уақытын көрсетеді. Арыз шағым/қарсылықтың жазбаша түрінде білім алушы толтырған күні мен қолын қоюы керек.

Арыз шағымның жазбаша түрі білім алушылар тобынан берілуі де мүмкін.

Арыз беру қанай да бір уақытпен шектелмейді.

Білім алушының ауызша немесе жазбаша арыз шағымы/қарсылығы деканда/декан орынбасарында сақталатын арыз шағым/қарсылықты тіркеу журналына тіркеледі.

Арызды қарастыруың жалпы мерзімі 5 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Кейбір жағдайларда, қосымша тексеруді қажет ететін жағдайларды, декан тарапынан оны қарастыру мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ ол 10 жұмыс күнінен аспайды.

Бұндай арыздар бойынша шешімді құрылған комиссия шығарады, оның құрамына факультет деканы, декан орынбасары, студенттік кәсіподақ ұйымының төрағасы және студенттік өзін-өзі басқару ұйымының өкілі (сол кезде сабақтан бос өкіл) кіреді.

Арыз шағымда/қарсылықта көрсетілген оқу үдерісіндегі кемшіліктерді тексеру комиссиясының мәжілісі және комиссияның басқа да әрекеттері хаттамаға тіркеледі («_____факультет білім алушыларының арыз шағымдары мен қарсылықтарын қарастыру бойынша комиссия хаттамасы» журналында). Комиссия шешім шығарады; комиссия мүшелері хаттамаға қол қояды.

Комиссияның шешімі мен қолданылған шаралар білім алушылардың/топтың назарына сол күні жеткізіледі.

Заң бұзушылық немесе өкілеттілігін асыра пайдалану сипатындағы сонымен қатар азаматтардың құқықтарын шектейтін ОҚМА басшылығының бұйрықтары мен өкімдерін білім алушылар сотқа шағымдану арқылы шешуге құқылы.

ҚОСЫМША А

БЕКІТЕМІН
Резидентура деканы

Г. Бектенова _____
« _____ » _____ 2022 ж.

Дәрігер-резиденттің жеке жұмыс жоспары

Дәрігер-резиденттің Т.А.Ж. _____
Білім беру бағдарламасы _____
Оқу мерзімі _____
Оқу жылы _____

Шымкент 2022

Дәрігер-резиденттің жеке жұмыс жоспары
кафедра отырысында талқыланды
Протокол № _____ « _____ » _____ 2022 ж.
Кафедра меңгерушісі _____

1. Оқу жоспары

№	Пәндердің / модульдердің атауы	Кредит саны	Күні	Клиникалық негіздер (бөлімшелер)	Бақылау түрі
	Бейіндеуші пәндер циклі (БПЦ)				
	Міндетті компонент (МК)				
	Таңдау компоненті (ТК)				
	Аралық аттестаттау (АА)				
	Қорытынды аттестаттау (ҚА)				

2. Диагностика мен емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізімі

№	Аурулардың (жағдайлардың) тізбесі

3. Оқу кезеңіндегі ғылыми қызмет

№	Атауы	Саны
1	Отандық басылымдарда жарияланған мақалалар	
2	Халықаралық басылымдарда жарияланған мақалалар	

* - бір оқу жылында кемінде бір мақала

4. Оқу кезеңіндегі академиялық ұтқырлық
Серіктес ЖОО

№	Оқу мерзімі
1	
2	

5. Практикалық дағдыларды, қозғалыстарды, процедураларды меңгеру
(жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес)

№	Операция/Процедура/Техника	Саны

6. Өздігінен үйренуге арналған әдебиеттер тізімі

Дәрігер-резидент _____ Т.А.Ж., қолы
 Академиялық тәлімгері _____ Т.А.Ж., қолы
 Клиникалық тәлімгері _____ Т.А.Ж., қолы